- Балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге рұқсат бермеңіз. Қамалып қалуы мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Қолыңызды құрылғының астына сұқпаңыз.
 - Өткір қырларына жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.
- Фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми материалдарды не температураға сезімтал заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
 - Температурасын қатаң бақылап отыруды қажет ететін өнімдерді тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Тоңазытқыш/мұздатқыштың ішіне өндіруші арнайы рұқсат етпеген электр құрылғыларын қоюға немесе қолдануға болмайды.
- Егер фармацевтикалық заттың немесе түтіннің иісін сезсеңіз, қуат ашасын дереу ағытып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тоңазытқышқа шаң немесе су кірсе, ашасын суырып алыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Әйтпесе өрт шығу қаупі бар.
- Балаларға тартпаны басып кетуге рұқсат бермеңіз.
 - Тартпа сынып, балалар тайып құлап кетуі мүмкін.
- Тоңазытқыштың қасында болмаған кезде есігін ашық қалдырмаңыз және балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге жол бермеңіз.
- Сәбилер мен балалардың тартпаға кіруіне жол бермеңіз.
 - Қамалып қалып, тұншығу немесе жарақат алуға байланысты мерт болу қаупі бар.
- Тоңазытқышқа шамадан тыс көп тағам салмаңыз.
 - Есікті ашқан кезде құлап кетіп адам жарақаттанып қалуы немесе мүлікке зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының бетіне құрт-құмырысқа жойғыш тәрізді ұшқыш спрейді шашпаңыз.
 - Адамдарға зиянды болумен қатар, электр тогы соғуы, өрт қатерін тудыруы немесе құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

- Су үлестіргіш тесікке, мұз науасына және мұз жасағыштың себетіне ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.
 - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Тұтанғыш спрей, тұтанғыш заттар, құрғақ мұз, дәрі-дәрмек немесе химикат тәрізді температураға сезімтал заттарды құрылғының қасында пайдаланбаңыз немесе ішіне қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз. Тоңазытқыштың ішіне жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шамды қоймаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Су сауытын, мұз науасын және мұз текшелері науасын ауыз суымен ғана (минералды немесе тазартылған сумен) толтырыңыз.
 - Сауытқа шай, сок немесе энергетикалық сусын құймаңыз, себебі мұздатқышқа зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе зат қоймаңыз (мысалы, кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, металл заттар т.с.с.). Себебі электр қатері, өрт немесе құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін. Су құйылған сауытты құрылғының үстіне қоймаңыз.
 - Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Жібiту үрдісін жылдамдату үшін, өндіруші ұсынған құралдардан басқа механикалық заттарды не басқа құралдарды қолданбаңыз.
- Тоңазытқыш жүйені бүлдіріп алмаңыз.
- Ультракүлгін LED шамына ешқашан ұзақ уақыт тура қарамаңыз.
 - Себебі ультракүлгін сәулелердің әсерінен көзіңіз талығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың сөресін төңкеріп қоймаңыз. Сөренің тірегіші жұмыс істей алмайды.
 - Шыны сөре құлап кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Саусақтарыңызды "қыстыратын аумақтардан" алыс ұстаңыз. Есіктер мен корпустың арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Газ жылыстап шыққанын байқасаңыз, ашық от көзінің немесе басқа да газды тұтандыруы мүмкін заттардың жоқ екенін тексеріңіз де, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
 - Құрылғыға немесе қуат сымына қол тигізбеңіз.
 - Желдеткішті қолданбаңыз.
 - Жарқыл пайда болып, жарылысқа немесе өртке ұласуы мүмкін.
- Өндіруші немесе оның қызмет көрсету агенті жеткізген LED шамдарын ғана қолданыңыз.
- Бөтелкелерді құлап қалмас үшін бір-біріне өте жақын орналастырып қою керек.
- Бұл тек үйде тағам сақтауға арналған құрылғы.
- Су үлестіргіш тесікке, мұз науасына және мұз жасағыштың себетіне ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.
 - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет етпеңіз.
- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір сым т.б.) пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқышты жөндеу немесе қайта орнату қажет болса, жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз.
 - Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
- Ішкі немесе сыртқы LED шамы жанып кетсе, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тоңазытқыштан тұтанған иіс немесе түтін шыққаны байқалса, дереу ток көзінен ағытыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Бұлай істемесеңіз, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.



-
- Тоңазытқыштың ішкі шамдарын ауыстырар алдында ашаны розеткадан суырыңыз.
 - Себебі, электр тоғына түсу қатері бар.
 - LED емес шамды ауыстыру қиынға соқса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Құрылғы LED шамдарымен жабдықталса, шамның қақпақтары мен LED шамдарын өзіңіз ағытпаңыз.
 - Жақын жердегі Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз.
 - Зақым келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

Пайдалану кезіндегі сақтық шаралар

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Мұздатылған тағамды әбден жібітіп болғаннан кейін қайта мұздатпаңыз. Мұздатқыш бөлікке газдалған немесе көпіршитін сусындарды қоймаңыз. Бөтелке немесе шыны сауыттарды мұздатқыш бөлікке қоймаңыз.
 - Ішіндегісі мұздаған кезде шыны сынып, адам жарақат алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштағы мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Тоңазытқыштың сумен жабдықтау жүйесін тек ауыз су құбырына ғана қосыңыз. Мұз жасағыш дұрыс жұмыс жасау үшін судың қысымы 20 ~ 125 psi (138 ~ 862 кПа) болуы керек. Үйден ұзақ уақытқа кетіп бара жатсаңыз (мысалы, демалысқа) және су немесе мұз диспенсерлерін пайдаланбайтын болсаңыз, судың кранын жабыңыз.
 - Себебі, су ағыуы мүмкін.
- Тоңазытқышты ұзақ уақыт (3 апта не бұдан көп) пайдаланбайтын болсаңыз, тоңазытқышты соның ішінде, мұз себетін босатып, ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.
- Құрылғының барынша жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін:
 - Тағамдарды тоңазытқыштың артқы жағындағы желдеткіш саңылауларға тым жақын қоймаңыз, себебі тоңазытқыш бөліктің ішіндегі ауаның еркін айналуына кедергі жасайды.
 - Тағамды тоңазытқышқа қояр алдында, дұрыс ораңыз немесе ауа кірмейтін сауыттарға салыңыз.
 - Мұздатқыш бөлікке шыны шөлмектерді немесе газдалған сусындарды қоймаңыз. Мұздап, жарылып кетуі мүмкін. Сынған сусынның ыдыстары жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
 - Мұздатылған тағамдардың ең ұзақ сақтау уақыты мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.



- Үш аптадан аз уақытқа кететін кезде тоңазытқышты тоқтан ажыратудың қажеті жоқ. Дегенмен, үш аптадан ұзақ уақытқа кетіп бара жатсаңыз, барлық тағамдарды және мұз себетіндегі мұзды алып, тоңазытқышты ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.
- Мұздатқыш бөлікке стакандарды немесе шөлмектерді немесе газдалған сусындарды қоймаңыз.
 - Сауыт мұздап, жарылып кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.
- Мұздатқыш бөлікке газдалған немесе көпіршитін сусындарды қоймаңыз. Бөтелке немесе шыны сауыттарды мұздатқыш бөлікке қоймаңыз.
 - Ішіндегісі мұздаған кезде шыны сынып, адам жарақат алуы немесе мүлікке зиян келуі мүмкін.
- Қызмет кепілдігі және өзгерту.
 - Бұл дайын құрылғыға 3-ші тарап енгізген кез келген өзгеріске Samsung тарапынан кепілді қызмет көрсетілмейді, сондай-ақ, Samsung 3-ші тарап енгізген өзгертуден туындаған, қауіпсіздікке қайшы жағдайлар үшін жауапкершілік көтермейді.
- Тоңазытқыштың ішіндегі ауа саңылауларын бітемеңіз.
 - Ауа саңылаулары бітелсе, әсіресе пластик қалтамен бітелсе, тоңазытқыш қатты салқындап кетуі мүмкін. Салқындату циклы өте ұзаққа созылса, су сүзгісі сынып, су ағып кетуі мүмкін.
- Тоңазытқышпен бірге жеткізілген мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Ішіндегі артық ылғалды сүртіңіз де, есіктерін ашық қалдырыңыз.
 - Әйтпесе, жағымсыз иіс, зең пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыш электр желісінен ағытылып қалса, қайта қосар алдында кемінде бес минут күтіңіз.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Ұзақ демалысқа кетуді жоспарласаңыз немесе тоңазытқышты ұзақ уақыт (3 апта не бұдан көп) пайдаланбайтын болсаңыз, тоңазытқышты соның ішінде, мұз себетін босатып, ашасын ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есіктерді ашық қалдырыңыз.
- Тоңазытқыш су болып қалса, ашасын розеткадан суырып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Шыны беттің ешқайсысын соқпаңыз немесе оған шамадан тыс көп күш салмаңыз.
 - Сынған шыны адамға зақым және/немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Су сауыты мен мұз текшесінің науаларын ауыз суымен ғана толтырыңыз (кран суы, минералды су немесе тазартылған су).
 - Сауытқа шай немесе спорт сусындарын құймаңыз. Себебі тоңазытқышқа зақым келтіруі мүмкін.
- Саусақтарыңыз қыстырылып қалмау үшін абай болыңыз.
- Құрылғыны су басып кетсе, дереу электр желісінен ағытыңыз да, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Өрт шығуы немесе электр қатері орын алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың есігіндегі себеттерде өсімдік майын сақтауға болмайды. Май қатты қоюланып, дәмі бүлінуі және оны пайдалану қиындауы мүмкін. Сонымен қатар, ашық ыдыстан май ағып, ол есіктегі себеттің жарылуына себеп болуы мүмкін. Майдың ыдысын ашқаннан кейін ыдысты шкаф немесе шолан сияқты салқын әрі қараңғы жерде сақтаған дұрыс.
 - Өсімдік майларының түрлері: зәйтүн майы, жүгері майы, жүзім дәнінің майы, т. б.



Тазарту кезіндегі сақтық шаралары

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Тоңазытқыштың ішкі немесе сыртқы бетіне су шашпаңыз.
 - Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз.
- Тоңазытқыштың ішіндегі жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шам қоймаңыз.
 - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тазалағыш құралдарды бейнебетке тура шашпаңыз.
 - Бейнебетке басылған қаріптер түсіп қалуы мүмкін.
- Құрылғыға су тәрізді бөгде зат кіріп кетсе, ашасын розеткадан суырып, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Қуат ашасының істікшелеріндегі бөгде затты немесе шаңды тазалау үшін таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Ашаны тазалаған кезде су немесе дымқыл шүберекті қолданбаңыз.
 - Себебі өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.
- Құрылғыға тура су шашып тазалауға болмайды.
- Бензол, сұйылтқыш немесе Clorox, хлоридті пайдаланып тазаламаңыз.
 - Себебі бұндай заттар құрылғының беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.
- Үлестіргіш тесікке ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз.
 - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын іске асырмай тұрып, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.
 - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқышты тазалау үшін таза жөкені немесе жұмсақ шүберекті және жылы су араластырылған жұмсақ тазартқыш құралды пайдаланыңыз.





Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Терезе жуатын бүріккіш, қырғыш тазартқыш құралдар, тұтанғыш сұйықтықтар, хлорлы сутек қышқылы, тазартқыш балауыз, қойылтылған жуғыш заттар, ағартқыштар сияқты түрпілі немесе қатты тазартқыштарды немесе құрамында мұнай өнімдері бар тазартқыш құралдарды тоңазытқыштың сыртын (есіктері мен корпусы), пластмасса бөлшектерін, есігі мен ішкі төсемдерін және тығыздағыштарын тазалау үшін пайдалануға болмайды.
 - Олар материалға сызат түсіруі немесе бүлдіруі мүмкін.
- Шыны сөрелерді немесе қақпақтарды суық күйінде жылы сумен жууға болмайды. Шыны сөрелер мен қақпақтардың температурасы күрт өзгерсе немесе соғылса немесе түсіп кетсе, сынып кетуі мүмкін.



Құрылғыны қоқысқа тастауға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

- Бұл құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.
- Құрылғыны қоқысқа тастар алдында, артқы түтіктерінің ешбіріне зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.
- Салқындатқыш ретінде R-600a немесе R-134a пайдаланылған.
Тоңазытқышыңызда қандай тоңазытқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз. Бұл тоңазытқышта тұтанғыш газ (R-600a салқындатқышы) бар болса, өнімді қауіпсіз етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Бұл тоңазытқышты тастаған кезде, кішкене балалар немесе жануарлар қамалып қалмас үшін тоңазытқыштың есігін/есігінің тығыздағышын және есігінің бекітпесін ағытып алыңыз. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Бала ішіне қамалып қалса, жарақат алуы немесе тұншығып мерт болуы мүмкін.
 - Бала қамалып қалса, жарақат алуы және тұншығып мерт болуы мүмкін.
- Оқшаулау үшін циклопентан қолданылған. Оқшаулау материалындағы газды тастау үшін арнайы қоқысқа тастау шарасын орындау керек. Осы құрылғыны қоршаған ортаға залал тигізбейтін етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Орам материалдарының барлығын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
 - Бала басына қалтаны киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.



Қауіпсіздік туралы ақпарат

Құрылғыны дұрыс пайдалануға арналған қосымша кеңес

- Ток сөніп қалған жағдайда, жергілікті электрмен жабдықтау компаниясына қоңырау шалып, электр тогының қанша уақыт болмайтынын сұраңыз.
 - Ток бір немесе екі сағат ішінде қалпына келсе, тоңазытқыш температурасына әсер етпейді. Дегенмен, ток сөніп тұрған кезде тоңазытқыштың есігін барынша аз ашу керек.
 - Ток 24 сағаттан көп сөнсе, мұздатылған тағамдардың барлығын алыңыз да, тастаңыз.
- Құрылғыны температурасы бұл құрылғы жұмыс істейтін ортаның температурасынан үнемі төмен болатын жерге ұзақ уақыт қойсаңыз, тоңазытқыш бір қалыпты (мұздатылған тағам еріп кетуі немесе мұздатылған тағам бөлігіндегі температура тым төмендеп кетуі) жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тағамдардың кей түрлерін тоңазытып сақтаған кезде, тағам сапасына қарай дұрыс сақталмауы мүмкін.
- Құрылғыңызға мұз қатпайды, басқаша айтқанда, құрылғының мұзын қолдан жібітудің қажеті жоқ. Бұл әрекет автоматты түрде орындалады.
- Жібіту кезінде температураның көтерілуі ISO талаптарына сай келеді. Құрылғыны жібіту барысында тоңазытқыш ішіндегі мұздатылған тағам температурасының жоғарылап кетуін қаламасаңыз, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетке ораңыз.
- Мұздатылған тағамды әбден жібітіп болғаннан кейін қайта мұздатпаңыз.
- Екі жұлдыз таңбасы салынған бөлімнің (бөлімдердің) немесе екі жұлдыз белгісі бар (※※) бөліктің (бөліктердің) температурасы, басқа мұздатқыш бөлікке (бөліктерге) қарағанда сәл жоғарырақ. Екі жұлдызы бар бөлім (бөлімдер) немесе бөлік (бөліктер) құрылғыны жеткізген кездегі нұсқауларға және/немесе жағдайларға сай келеді.



Қуатты үнемдеу туралы кеңес


- Құрылғыны салқын, құрғақ, жеткілікті түрде желдетілетін жерге орнатыңыз. Құрылғыны күн сәулесі тура түсетін және қызу көздерінен (мысалы, батарея) жылу тура келетін жерге қоймаңыз.
- Қуатты пайдалану тиімділігін сақтау үшін саңылаулар мен торларды бітемеуді ұсынамыз.
- Жылы тағамды тоңазытқыш ішіне қояр алдында салқындатыңыз.
- Мұздатылған тағамды тоңазытқышқа қойып жібітіңіз. Содан кейін мұздатылған тағамдардың төмен температурасын, тоңазытқыштағы тағамды салқындату үшін қолдануға болады.
- Тағам салғанда немесе алған кезде, тоңазытқыштың есігін өте ұзақ ашпаңыз. Есікті неғұрлым аз ашсаңыз, мұздатылған тағамдардың барынша аз мұз қатады.
- Тоңазытқышты орнатқан кезде артқы жағы мен бүйір жақтарынан орын қалдыруды ұсынамыз. Бұл қуатты аз пайдаланып, электр қуаты төлемдерін азайтуға көмектеседі.
- Қуатты барынша тиімді пайдалану үшін себеттер, тартпалар, сөрелер тәрізді ішкі керек-жарақтардың барлығын өндіруші көрсеткен жерлерге қойыңыз.

Бұл құрылғы үйде және сол сияқты, дүкендердегі қызметкерлерге арналған ас бөлмелерде,

- кеңселерде және басқа жұмыс орындарында пайдалануға арналған;
- ферма үйлерінде, қонақ үйдің қонақтары және басқа тұрғында жерлерде;
- төсек және таңғы аспен жабдықтайтын жерлерде;
- қоғамдық тағам орындарында және сол сияқты бөлшек сауда жасамайтын жерлерде.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

WEEE туралы нұсқаулар



Өнімді дұрыс тастау (Қолданыс мерзімі аяқталған электр және электроника құрылғысы)

(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

Орнату

Бұл тоңазытқышты дұрыс орнату және қолданбай тұрып оқыс жағдайларға жол бермеу үшін осы нұсқауларды мұқият орындаңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Тоңазытқышты осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.
- Кез келген қызмет көрсету жұмысын білікті техник ғана орындауға тиіс.
- Құрылғының орам материалын жергілікті ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.
- Электр тогы соқпас үшін қызмет көрсету немесе ауыстыру алдында қуат сымын ағытыңыз.

Тоңазытқышқа жалпы шолу

Тоңазытқышыңыздың нақты түрі үлгіге және елге байланысты өзгешелеу болуы мүмкін.


RS58*



Орнату

Орнату

RS62*



Орнату

01 Мұздатқыштың сөрелері

02 Көп мақсатта пайдаланылатын мұздатқыш бөлгіші

03 Құрғақ тағам және ет сақтауға арналған сауыт

04 Тоңазытқыштың сауыты

05 Тоңазытқыштың сөрелері

06 Көкөніс сауыты

07 Көп мақсатта пайдаланылатын сауыт

08 Жұмыртқа салғыш

09 Мұз жасағыш **

10 Жылжымалы науа *

11 Бактерияға қарсы сүзгі *

12 Су сүзгісі **

13 Мұз науасы

* Қолжетімді үлгілерде ғана

** Диспенсері бар үлгілер ғана

📖 ЕСКЕРТПЕ

Жұмыртқа салғыштың дизайны үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

 **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

- Су толтырылған жылжымалы науаны мұздатқышқа қоймаңыз. Су қатып, жылжымалы науа сынып қалады.

Орнату

Орнату қадамдары

ҚАДАМ: 1 Орнататын жерді таңдаңыз

Орнататын жерге қойылатын талаптар:

- Кілем төселмеген қатты, тегіс, ауа айналымына кедергі келтірмейтін жер
- Күннің көзі тура түспейтін жер
- Есікті ашуға және жабуға ыңғайлы орын
- Қызу көзінен алыс
- Жөндеу және қызмет көрсетуге ыңғайлы орын
- Температура ауқымы: 5 °C және 43 °C арасында

Тиімді температура ауқымы

Тоңазытқыш өз класы үшін көрсетілген температура ауқымында қалыпты жұмыс істеуге сәйкес жасалған.


Санаты	Таңба	Қоршаған орта температурасының ауқымы (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Көбейтілген температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін

ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыштың салқындату қарқыны мен пайдаланатын қуат мөлшеріне қоршаған ортаның температурасы, есікті ашу жиілігі және тоңазытқыштың орналасқан орны әсер етуі мүмкін. Температура параметрлерін тиісінше реттеуді ұсынамыз.


Бос орын

Орнату кезінде қалдыратын бос орынды төмендегі суреттер мен кестеден қараңыз.



"A" тереңдігі	721
"B" ені	908
"C" биіктігі	1796
"D" жалпы биіктігі	1825

(өлшем бірлігі: мм)



- 01 50 мм
- 02 165°
- 03 519 мм
- 04 1742 мм
- 05 610 мм
- 06 908 мм
- 07 31 мм
- 08 1345 мм


Орнату

ЕСКЕРТПЕ

Жоғарыдағы кестеде берілген өлшемдер, өлшеу тәсіліне қарай өзгеруі мүмкін.

Орнату

ҚАДАМ: 2 Еден



- Тоңазытқыш орнатылатын бет толық толтырылған тоңазытқышты көтере алуы керек.
- Еденді қорғау үшін тоңазытқыштың әр тірегінің астына үлкен картон төсеу керек.
- Тоңазытқышты тұрақты тұратын жеріне орнатқаннан кейін, еденді қорғау үшін, егер қажет болмаса орнынан қозғамаңыз. Жылжыту керек болса, жылжытатын жолға қалың қағаз немесе ескі кілем тәрізді зат төсеңіз.

ЕСКЕРТПЕ



Тоңазытқышты өлшемі сәйкес келмей кіреберістен өткізе алмасаңыз, Орнату бөліміндегі Есікті тоңазытқышты кіргізу үшін алу тармағын қараңыз.

ҚАДАМ: 3 Деңгейі реттегіш тіректерді ретке келтіріңіз

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Тоңазытқышты тегіс, қатты еденге қойып деңгейін реттеу керек. Бұлай істемегенде тоңазытқышқа зақым келуі немесе адам жарақат алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың деңгейін тоңазытқыш бос тұрған кезде реттеу керек. Тоңазытқыштың ішінде ешбір тағам жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіз болу үшін алдыңғы тіректерін артқы тіректерден сәл биіктетіңіз.

Тоңазытқыштың деңгейін реттеу үшін, деңгейді реттеуге арналған арнайы бұрандасы (деңгейлегіші) бар алдыңғы тіректерін қолдануға болады. Деңгейді реттеу үшін жалпақ басты бұранда бұрағышты пайдаланыңыз.



Мұздатқыш жақтың биіктігін реттеу үшін:

Жалпақ ұшты бұранда бұрағышты мұздатқыш жақтағы алдыңғы тіректің деңгейлегішіне салыңыз. Биіктету үшін деңгейлегішті сағат тілінің бағытымен, төмендету үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.

Тоңазытқыш жақтың биіктігін реттеу үшін:


Жалпақ ұшты бұранда бұрағышты тоңазытқыш жақтағы алдыңғы тіректің деңгейлегішіне салыңыз. Биіктету үшін деңгейлегішті сағат тілінің бағытымен, төмендету үшін сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.

Орнату


ҚАДАМ: 4 Есіктің биіктігін, сонымен қатар, есіктің саңылауын реттеңіз

Есіктің биіктігін реттеу үшін:

Есіктің биіктігін әр есіктің алдыңғы астыңғы жағындағы қапсырма болтты және биіктік болтын пайдаланып реттеуге болады.




1. Есікті реттегіңіз келсе ашыңыз да, есіктің алдыңғы астыңғы жағынан екі (A) және (B) болттарын табыңыз.




2. Жинақпен берілген гайка кілтін пайдаланып, **қапсырма болтты (A)** сағат тілімен бұрап босатыңыз. Содан кейін есікті ашыңыз да, есіктің ішкі жағында мына әрекеттерді орындаңыз:

- Есікті биіктеті үшін **биіктік болтын (B)** сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
- Есікті төмендету үшін **биіктік болтын (B)** сағат тілінің бағытымен бұраңыз.




3. Болғаннан кейін **қапсырма болтты (A)** сағат тілінің бағытына қарсы бұрап қатайтыңыз.


Есік пен тоңазытқыш корпусының арасындағы саңылауды реттеу



Саңылауды әр есіктің үстіңгі артқы жағындағы **саңылау болтын** пайдаланып, қолмен реттеуге болады.



1. Саңылауды реттеу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
 - Саңылауды реттеу үшін **саңылау болтын (A)** сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
 - Саңылауды тарылту үшін **саңылау болтын (A)** сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.



2. Саңылау реттелгеннен кейін **бекіту болтын (B)** сағат тілінің бағытымен бұрап қатайтыңыз.

Орнату

ҚАДАМ: 5 Су жүйесіне қосыңыз


⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Су жүйесіне қосу жұмысын білікті техник орындауға тиіс.
- Тоңазытқышыңыздың кепілдігіне су жүйесіне қосу кірмейді. Егер су жүйесіне қосу бөлшек сауда орталығы ұсынған бағаға кірмесе, су жүйесіне қосу ақысын өзіңіз төлейсіз.
- Samsung су жүйесіне қосу бойынша ешбір жауапкершілік көтермейді. Су ағып кетсе, су жүйесін орнатқан техникке хабарласыңыз.

Суық су құбырын су сүзетін түтікке жалғау

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ


- Су сүзетін түтіктің суық ауыз су құбырына қосылғанына көз жеткізіңіз. Ыстық су құбырына қосылса, тазалағыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



- A.** Негізгі сумен жабдықтау түтігін жабыңыз
B. Ешбір саңылаусыз

1. Судың негізгі кранын жабу арқылы суды тоқтатыңыз.
2. Суық ауыз **су құбырының (1)** орналасқан орнын табыңыз.
3. Су түтіктерін орнату нұсқауларын орындап, су түтігін орнатыңыз.
4. Орнатып болғаннан кейін судың негізгі кранын ашып, шамамен 3 литр су ағызыңыз. Бұл құбыр ішіндегі ластықты тазалау үшін қажет.

Су сүзетін түтіккі су жүйесіне орнату үшін



- A. Құрылғыдағы су түтігі
B. Жинақтағы су түтігі

1. Тоңазытқыштың су түтігіндегі **сығымдағыш гайканы (a)** босатып алыңыз да, су сүзетін түтікке салыңыз.
2. Су сүзетін түтіккі және су құбырын қосу үшін **сығымдағыш гайканы (a)** қатайтыңыз.
3. Судың негізгі қранын ашып, су ағатын-ақпайтынын тексеріңіз.
4. Ешбір су ақпаса, тоңазытқышты пайдалану алдында су сүзетін жүйенің ішіндегі қоқыстарды тазалау үшін шамамен 3 литр су ағызыңыз.

Сумен жабдықтау жүйесін жөндеу үшін

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Сумен жабдықтау жүйесін білікті маман жөндеуге тиіс. Су ақса жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына немесе су жүйесін орнатушыға хабарласыңыз.

ҚАДАМ: 6 Бастапқы параметрлер

Келесі қадамдарды орындағаннан кейін, тоңазытқыш толық іске қосуға дайын.

1. Тоңазытқышты іске қосу үшін қуат сымын қабырғадағы розеткаға жалғаңыз.
2. Есікті ашыңыз да, ішкі жарық шамының жанатын-жанбайтынын тексеріңіз.
3. Температураны ең суық температураға қойып, шамамен бір сағат күтіңіз. Содан кейін, мұздатқыш шамалы салқындайды да, қозғалтқыш қалыпты жұмыс істейді.
4. Тоңазытқыш орнатылған температураға жеткенше күтіңіз. Енді тоңазытқыш пайдалануға дайын.

ҚАДАМ: 7 Соңғы тексеру

Орнатып болғаннан кейін келесіні тексеріңіз:

- Тоңазытқыштың электр көзіне қосылғанын және жерге дұрыс тұйықталғанын.
- Тоңазытқыштың қабырғадан немесе шкафтан жеткілікті қашықтықта, тегіс, орнықты жерге қойылғанын.
- Тоңазытқыштың орнықты екенін және еденге орнықты қойылғанын.
- Есіктің еркін ашылып-жабылатынын және есік ашылғанда ішкі жарық шамының автоматты түрде жанатынын.


Орнату

Есікті тоңазытқышты кіргізу үшін алу


Тоңазытқышты өлшеміне қарай кіреберістен өткізе алмасаңыз, мына нұсқауларды орындаңыз:

Саймандар қажет (жинаққа кірмейді)


Бұл саймандар есіктерді алу үшін қажет.




Phillips бұранда
бұрағышы



Жалпақ ұшты бұранда
бұрағыш





Қырлы кілт (10 мм)



Әмбебап кілт (5 мм)

Сумен жабдықтау жүйесін ағыту



1. Тоңазытқыштың астыңғы артқы жағынан су түтігін алға қарай тартып шығарыңыз.

ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыштың су жүйесі - сумен жабдықтау көзіне қосылған су құбыры мен тоңазытқыштың су сүзетін түтіктерін өзара қосатын су айналымының жүйесі болып табылады.

2. Түтіктерді ағыту үшін **мөлдір жалғастырғышты (A)** басып ұстап тұрып, **су түтігін (B)** ағытыңыз.




⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Жалғастырғышқа қатты салмақ салмаңыз. Сынып кетуі мүмкін.

Есіктерді ағытып алыңыз


⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Бұл қадамдардың кез келгенінде есік құлап немесе аударылып кетіп, оған зақым келуі мүмкін. Оқыс жағдайға жол бермеу үшін осы қадамдарды орындау барысында өте сақ болыңыз.



1. Әр есіктің үстіңгі жағындағы **топса қақпақтарын (A)** ағыту үшін әмбебап бұранда бұрағышты пайдаланыңыз.
2. Топсаларды босату үшін есіктерді ашыңыз және топсаның қақпақтарын алыңыз. Қақпақтар алынғаннан кейін есіктерді жабыңыз.
3. Электр сымдарын ағытыңыз.
4. **Топса бұрандаларын (B)** сағат тілінің бағытына қарсы бұрап, **үстіңгі топсаны (C)** алыңыз. Есік құлап, жарақаттап кетпес үшін абай болыңыз.


Орнату



5. Екі жақтың **топсаларын (C)** алыңыз.
6. Есіктерді баппен, бірінен кейін бірін жоғары көтеріңіз. Есік құлап немесе аударылып кетпеу үшін абай болыңыз.

Су түтіктерін қайта жалғаңыз

Тоңазытқышты есіктен өткізгеннен кейін су түтіктерін қайта жалғап, жалғастырғышты қатайту үшін жинақпен бірге берілген (x2) қапсырмаларды пайдаланыңыз.



- A.** Мөлдір жалғастырғыштың ортасы
B. А қапсырмасы (1/4") (6,35 мм)



⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Су түтіктерінің сәйкес келетін түстерге қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Су ағуға жол бермеу үшін судың әр түтігін мөлдір жалғастырғыштың ортасына мықтап енгізіп, содан кейін қапсырмамен бекіту керек.

Есіктерді қайта салыңыз

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Есіктерді қайта салу алдында барлық электр қосылымдарының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Мұздатқыштың есігін тоңазытқыштың есігін салмай тұрып орнату керек.




1. Мұздатқыштың есігін ұстап тұрып, тоңазытқыштың астыңғы жағындағы топсаға салыңыз.


2. Үстіңгі жағындағы топсаның ұясына **топсаны (A)** салыңыз.

3. Үстіңгі топсаның білікшесін **(B)** топса саңылауына **(C)** салыңыз. Топсаның білікшесі барлық бұранда саңылаулары көрінетіндей түзу көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз. Содан кейін, **топсаның бұрандаларын (D)** сағат тілінің бағытымен бұрап қатайтыңыз.

Орнату




4. Электр сымдарын жалғаңыз.



5. Әуелі топса қақпақтарының алдыңғы жақтарын қаратып салып, содан кейін бұрандаларын қатайтыңыз. Бұл қадамда әмбебап бұранда бұрағышты пайдаланыңыз.

Іске пайдалану

Функция панелі



01 Freezer (Мұздатқыш) / Power Freeze (Қарқынды мұздату)

04 Fridge (Тоңазытқыш) / Power Cool (Қарқынды салқындату)

07 Control Lock (Басқару панелінің бекітпесі)

02 Lighting (Жарықтандыру) / °C ↔ °F

05 Door Alarm (Есіктің сигналы)

08 Water (Су) / Filter Reset (Сүзгіні бастапқы қалпына қою) *

03 Vacation (Демалыс)

06 Filter (Сүзгі) *

09 Cubed/Crushed Ice (Мұз текшелері/Мұз қиыршықтары) / Ice Maker Off (Мұз жасағышты сөндіру)

Іске пайдалану

* Қолжетімді үлгілерде ғана

01 Мұздатқыш / Қарқынды мұздату (3 сек)

Freezer (Мұздатқыш)	Freezer (Мұздатқыш) түймесін мұздатқыш температурасын орнату немесе Қарқынды мұздату функциясын қосу үшін пайдалануға болады. Қолжетімді температуралар: -15 °C (5 °F) және -23 °C (-8 °F) аралығында.
Power Freeze (Қарқынды мұздату)	<p>Қарқынды мұздату функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, мұздатуды тездетеді. Мұздатқыш бірнеше сағат ең үлкен жылдамдықта жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.</p> <ul style="list-style-type: none">• Қарқынды мұздату функциясын қосу үшін Freezer (Мұздатқыш) түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Тиісті индикатор (❄️) жанады да, тоңазытқыш мұздату үдерісін жеделдетеді.• Сөндіру үшін Freezer (Мұздатқыш) түймесін қайта 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Мұздатқыш алдыңғы температура параметріне қайтады.• Көп мөлшердегі тағамды мұздату үшін, тағамды мұздатқышқа салу алдында, Қарқынды мұздату функциясын кемінде 24 сағат қосыңыз. <p>📖 ЕСКЕРТПЕ</p> <p>Қарқынды мұздату функциясын қолданғанда, пайдаланылатын қуат мөлшері артады. Функцияны пайдаланғыңыз келмесе, сөндіріңіз де, алдыңғы температураға қайтарыңыз.</p>

02 Жарықтандыру / °C ↔°F (3 сек)

Lighting (Жарықтандыру) түймесімен температура түрін Цельсий және Фаренгейт арасында ауыстыруға болады. Температура түрін қосу үшін, **Lighting (Жарықтандыру)** түймесін 3 секунд басып, қазіргі температура түрін өзгертіңіз.

03 Демалыс


Vacation (Демалыс)	<p>Vacation (Демалыс) түймесін Демалыс режимін қосу/сөндіру үшін пайдалануға болады.</p> <p>Демалысқа немесе іс-сапарға бара жатсаңыз немесе тоңазытқышты ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келмесе, Демалыс режимін қолданыңыз. Тоңазытқышты сөндіріп, Демалыс индикаторын (🛖) қосылған күйде қалдыру үшін Vacation (Демалыс) түймесін 3 секунд басыңыз.</p> <p>📖 ЕСКЕРТПЕ</p> <p>Тоңазытқыш бөлікті босатып, есіктің жабық тұрғанын тексеруді қатаң түрде ұсынамыз.</p>
---------------------------	---

04 Тоңазытқыш / Қарқынды салқындату (3 сек)

Fridge (Тоңазытқыш) түймесін тоңазытқыш температурасын орнату немесе Қарқынды салқындату функциясын қосу/сөндіру үшін пайдалануға болады.

Fridge (Тоңазытқыш)	Тоңазытқыш үшін салқындату температурасын қолдан реттеуге болады. Температура жолағын шарлау және 1 °C (34 °F) және 7 °C (44 °F) аралығындағы қажетті температураны таңдау үшін Fridge (Тоңазытқыш) түймесін басуды жалғастырыңыз.
Power Cool (Қарқынды салқындату)	Қарқынды салқындату функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, салқындатуды тездетеді. Бұл жылдам бұзылатын тағамдарды немесе есікті біраз уақыт ашық қалдырғаннан кейін тағамдарды жылдам салқындату үшін пайдалы функция. Тоңазытқыш бірнеше сағат ең үлкен жылдамдықта жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады. Power Cool (Қарқынды салқындату) түймесін басып 3 секунд ұстап тұрыңыз.

05 Есіктің сигналы

Door Alarm (Есіктің сигналы)	Сигналды ескерту беретін етіп орнатуға болады. Есік 2 минуттан артық ашық қалса, сигнал естіледі де, ескерту индикаторы () қатар жыпылықтайды. Зауыттан сигнал қосұлы күйде келеді. Сигналды сөндіру үшін Door Alarm (Есіктің сигналы) түймесін басыңыз. Қосу үшін Door Alarm (Есіктің сигналы) түймесін қайта басыңыз.
-------------------------------------	--

06 Сүзгі

Сүзгінің қолданыс уақыты бастапқы қалпына қойылады және сүзгінің индикаторы сөнеді. Есікті ашып-жапқанда, белгі бірнеше секунд қызыл түспен жыпылықтайды.

Іске пайдалану

07 Басқару панелінің бекітпесі (3 сек)

Control Lock (Басқару панелінің бекітпесі)	Басқару панелінің бекітпесі режимін қосу үшін Control Lock (Басқару панелінің бекітпесі) түймесін 3 секунд басыңыз. Дисплейдегі басқару құралдары бұғатталады және диспенсер тиісті тұтқасын бассаңыз да жұмыс істемейді. Сөндіру үшін тағы 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
---	--

08 Су / Сүзгіні бастапқы қалпына қою (3 сек)

Water (Су) түймесін диспенсерден су алу немесе су сүзгісін бастапқы қалпына қою үшін пайдалануға болады.


Диспенсерден су алу	Диспенсерден су алу үшін Water (Су) түймесін басыңыз. Бұл режимде ешбір мұз алынбайды.
Filter Reset (Сүзгіні бастапқы қалпына қою)	Бастапқы су сүзгісін шамамен 6 ай пайдаланғаннан кейін (шамамен 300 галлон), сүзгінің индикаторы қызыл түске өзгеріп, сүзгіні ауыстыру керек екенін ескертеді. Мұндай жағдайда сүзгіні ауыстырып, Filter Reset (Сүзгіні бастапқы қалпына қою) түймесін 3 секунд басыңыз. ⓘ ЕСКЕРТПЕ Кейбір өңірлердің суында өте көп мөлшерде болады. Бұл сүзгінің қолданыс уақытын қысқартуы мүмкін. Мұндай жерлерде, су сүзгісін жоғарыда көрсетілгеннен жиі ауыстыру керек.

09 Мұз текшелері/Мұз қиыршықтары / Мұз жасағышты сөндіру (3 сек)

Cubed/Crushed Ice (Мұз текшелері/Мұз қиыршықтары)	Мұз түрі таңдауға болады. Мұз текшелері мен мұз қиыршықтары арасын ауыстыру үшін түймені басыңыз. Тиісті индикатор жанады.
Ice Maker Off (Мұз жасағышты сөндіру)	Мұз жасау функциясын сөндіру үшін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Бұл режимде Cubed/Crushed Ice (Мұз текшелері/Мұз қиыршықтары) түймесін басып тұрсаңыз да, мұз жасау сөнеді.

Температура параметрлері

Оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мұздатқышқа $-19\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($-2\text{ }^{\circ}\text{F}$) және тоңазытқышқа $3\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($37\text{ }^{\circ}\text{F}$) температураны орнатуды ұсынамыз.



Мұздатқыш

Мұздатқыштың температурасын $-23\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($-9\text{ }^{\circ}\text{F}$) және $-15\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($5\text{ }^{\circ}\text{F}$) аралығына реттеуге болады.

Температураны өзгерту үшін **Freezer** (Мұздатқыш) түймесін қажетті температура таңдалғанша басыңыз. Температура 1 қадам бірлігімен өзгереді.

- Ұсынылады: $-19\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($-2\text{ }^{\circ}\text{F}$)

ЕСКЕРТПЕ

Балмұздақ $-15\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($5\text{ }^{\circ}\text{F}$) градуста еруі мүмкін.

Тоңазытқыш

Тоңазытқыштың температурасын $1\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($34\text{ }^{\circ}\text{F}$) және $7\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($44\text{ }^{\circ}\text{F}$) аралығына реттеуге болады.

Температураны өзгерту үшін **Fridge** (Тоңазытқыш) түймесін қажетті температура таңдалғанша басыңыз. Температура 1 қадам бірлігімен өзгереді.

- Ұсынылады: $3\text{ }^{\circ}\text{C}$ ($37\text{ }^{\circ}\text{F}$)

Есікті өте жиі ашқанда немесе тоңазытқышқа көп мөлшерде тағам салғанда, мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың температурасы жоғарылауы мүмкін. Бұндай жағдайда температура дисплейі тоңазытқыш көрсетілген температура параметрлеріне оралғанша жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

Жыпылықтау тоқтамаса, қуат сымын ағытып, тоңазытқышты 10 минуттан кейін қайта іске қосыңыз.


Іске пайдалану

Арнайы функциялар


Тоңазытқыш пайдаланушының қажетіне жаратуға арналған, пайдаланушыға арналған құралдардан тұрады.

Су сауыты (қол жетімді үлгілерде ғана)

Су сауытын қолдану арқылы тоңазытқыштың есігін ашпай-ақ, салқын су құйып алуға болады.



Су диспенсері негізінен 3 опция ұсынады: Салқындатылған су, мұз текшелері және мұз қиыршықтары. Диспенсерден мұз алғыңыз келмесе, **Ice Maker Off (Мұз жасағышты сөндіру)** түймесін басыңыз.






Мұз жасағыш қосулы тұрғанда,

1. Мұздың түрін таңдау үшін басыңыз.
2. Су құятын стаканды диспенсер тұтқасына қойып, оны басыңыз. Диспенсерден мұз үлестіріледі.
3. Суды таңдау үшін басыңыз.
4. Содан кейін стаканды диспенсер тұтқасына қойып, оны басыңыз. Диспенсерден су үлестіріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Диспенсер үлестіріп болғаннан кейін, су шашырамас үшін стаканды алардан бұрын 2 секунд күтіңіз.
- Диспенсер тұтқасын шамамен 1 минут басып тұрсаңыз, диспенсер үлестіруін тоқтатады. Көбірек су алу үшін тұтқаны босатып, содан кейін қайта итеріңіз.
- Су алып жатқанда шашырап кетпеу үшін стаканның диспенсерге дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз.
- Су диспенсерін 2-3 күн пайдаланбасаңыз, алынған судан біртүрлі иіс шығуы немесе дәм сезілуі мүмкін. Бұл жүйенің ақауы емес. Бастапқы 1-2 стакан суды төгіп тастаңыз.

Су сауытын толтыру



Су сауытын алғаш рет пайдаланғанда ішкі жағын тазалап, мұқият құрғатыңыз.

1. Сауыттың алдыңғы жағындағы қос тұтқадан ұстап, суретте көрсетілгендей сырғытыңыз.

2. Қақпақтың алдыңғы қақпақшасын (A) немесе қақпақты толық (B) ашып, сауытқа ең көбі 5 л су құйыңыз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Макс. сызығынан асырмаңыз. Су сыртқа төгіледі.

3. Су сауытын қайта салып, диспенсер механизміне келтіріп орнатыңыз. Сауыттың алдыңғы жағының (алдыңғы қақпақшасы бар) алдыңғы жаққа қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Су сауытының сөреге сиятынына көз жеткізіңіз. Басқа жағдайда су сауыты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тоңазытқышты су сауытын салмай қолданбаңыз. Бұл салқындату қарқынын төмендетуі мүмкін.
- Сауытқа минералды су немесе тазартылған су тәрізді ауыз суын ғана құйыңыз. Басқа сұйықтықты пайдаланбаңыз.
- Толы сауытты жылжытқан кезде байқаңыз. Сауытты құлатып алсаңыз, жарақат алуыңыз мүмкін.
- Ішкі сорғыны өзіңіз бөлшектеуге әрекет етпеңіз. Ішкі сорғыға зақым келсе немесе су сауыттан ағытылып қалса, диспенсер жұмыс істемейді.

Бірінші рет пайдалану

- Сумен жабдықтау жүйесінің түтіктеріндегі ауаны шығару үшін диспенсердің тұтқасын 10 секунд басыңыз.
- Сумен жабдықтау жүйесін тазарту үшін бастапқы алты стакан суды пайдаланбай төгіңіз.

Іске пайдалану

Су төгу үшін



Су шүмегінің астына стакан қойып, стаканыңызбен су диспенсерінің тұтқасын абайлап итеріңіз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Су алып жатқанда шашырап кетпеу үшін стаканның диспенсерге дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз.
- Су диспенсерін 2-3 күн пайдаланбасаңыз, алынған судан біртүрлі иіс шығуы немесе дәм сезілуі мүмкін. Бұл жүйенің ақауы емес. Бастапқы 1-2 стакан суды төгіп тастаңыз.

Мұз жасау (қол жетімді үлгілерде ғана)

Бұл тоңазытқыш сүзгіден өткізілген судан жасалған мұз текшелерін немесе ұсақталған мұздарды рахаттана пайдалану үшін автоматты мұз жасағышпен жабдықталған.



Диспенсерден мұз берілмесе, мұз жасағыштың мұзды дұрыс жасап тұрғанына көз жеткізіңіз.

Мұз жасағышты тексеру үшін

1. **Мұз себетін (B)** екі қолыңызбен абайлап ұстап тұрып, **мұз науасынан (A)** алыңыз.
2. Мұз себетіндегі мұз мөлшерінің дұрыс екенін тексеріңіз.
3. Содан кейін **мұз себетінің қақпағын (C)** ұстап тұрып, шамалы көтеріп алыңыз.
4. Мұз жасағыштың бүйіріндегі **Сынақ (D)** түймесін басыңыз. Түймені басқан кезде сигнал (дин-дон) естіледі.
5. Мұз жасағыш дұрыс жұмыс істеп тұрса, тағы сигнал естіледі.

📖 ЕСКЕРТПЕ


Бұл белгі жалғасса, су желісін орнатушыға немесе жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ


- Науа мұзға немесе суға толы тұрса, түймені үздіксіз баспаңыз. Су төгілуі немесе мұз кептелуі мүмкін.
- Ток сөніп қалғаннан кейін тоңазытқыш қайта тоққа қосылғанда, мұз себетінде еріген мұз бен кептелген мұз текшелері тұруы және бұл жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін тоңазытқышты пайдалану алдында мұз себетін босатыңыз.
- Мұз себетін құлатып алмау үшін, мұз себетін қос қолыңызбен алып-салыңыз.
- Балаларға мұз себетіне немесе мұз диспенсеріне тартылып тұруға немесе олармен ойнауға жол бермеңіз. Балалар бір жерлерін ауыртып алуы мүмкін.

- Диспенсер саңылауына немесе мұз науасына саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз. Себебі, адамды жарақаттауы немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Мұз себетін алсаңыз, Мұз жасағыш сөндірулі () индикаторы жыпылықтайды.
- Мұз сауытын алу - тоңазытқыштың термо және механикалық жұмыстарына ешбір әсер етпейді.
- Мұздатқыштың мұздату нұсқаулығындағы көрсетілген көлемі, мұз жасағышты, тісбасар сауытын және үстіңгі тартпаны алған кезде есептеліп берілген.




Сақтау орнын кеңейту үшін (қолжетімді үлгілерге ғана қатысты)



Мұз жасағышты қолданбасаңыз және көбірек орын қажет етсеңіз, **мұз себеті (A)** мен тісбасар сауытын алыңыз. Содан кейін **мұздатқыштың бағыттағышын (B)** мұз себетінің орнына кіргізіңіз. Орынды тағы кеңейте түсу үшін мұздатқыштың **үстіңгі тартпасын (C)** алыңыз.

Іске пайдалану

Мұз жасағыштың сауыты




Диспенсерден ұзақ уақыт мұз алмасаңыз, мұз сауытындағы мұздар бір-біріне жабысып қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда мұз себетін алыңыз және босатыңыз.

1. Мұз себетін алу үшін оны баппен көтеріп, тұтқаларын екі қолыңызбен ұстап тұрып баяу тартыңыз.
2. Мұз себетін алыңыз және босатыңыз.
3. Болғаннан кейін мұз себетінің артқы жағындағы тұтқаны 90° градусқа бұрап, содан кейін себетті қайта орнына қойыңыз. Себетті сырт еткен дыбыс естілгенше ішке қарай мықтап итеріңіз.
4. Мұз жасағышты бастапқы қалпына қою үшін **Ice Maker Off (Мұз жасағышты сөндіру)** түймесін 3 секунд басыңыз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ


- Себеттің қақпағына қатты салмақ салмаңыз. Сынып қалуы мүмкін.
- Есікті қатты жаппаңыз. Мұз жасағышқа су төгілуі мүмкін.
- Жарақат алуға жол бермеу үшін еденге төгілген суды не мұзды тазалаңыз.
- Жарақат алу немесе оқыс жағдайға жол бермеу үшін балаларға су диспенсерімен не мұз жасағышпен ойнауға жол бермеңіз.
- Қолыңызды немесе басқа затты мұз науасына салмаңыз. Жарақат алуға әкелуі немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Мұз жасағыш сөндірулі () индикаторы жыпылықтаса, мұз жасағыш себетті алып, қайта салыңыз. Қайта дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Мұз жасағыштан мұз жасау барысында естілетін кез келген дыбыс қалыпты болып саналады.
- Есік ашық тұрғанда мұз жасағыш та, су диспенсері де жұмыс істемейді.

Судың қысымы

Мұз науасына қанша су құйылатынын тексергіңіз келсе, мына қадамдарды орындаңыз:




1. Мұз жасағыштың қақпағын (A) алу үшін баппен көтеріңіз.
2. Мұз жасағыштың бүйіріндегі **Сынақ (B)** түймесін басыңыз. Әдетте, мұз текшелерінің сауыты бірнеше минут ішінде суға толады.
3. Судың деңгейі күткендегіден төмен болса, сумен жабдықтау құбырындағы судың қысымын тексеріңіз. Бұл жүйенің ақауы емес.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Науа мұзға немесе суға толы тұрса, **Сынақ** қайта-қайта баспаңыз. Су төгілуі немесе мұз кептелуі мүмкін.
- Мұз жасағыштың себетінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Дұрыс орнатылмаса, мұз жасағыш жұмыс істемейді.

Samsung Eco (қол жетімді үлгілерде ғана)




Smart Eco жүйесі тағамды жаңа қалпы сақтау үшін тоңазытқыштың ішкі және сыртқы жақтарына орнатылған 4 сенсорды пайдаланып, қоршаған орта жағдайын ескере отырып тоңазытқышты ақылды басқарады. Бұл смарт жүйе қуатты ұтымды пайдалану үшін тоңазытқышты қолдану трендтері мен іске пайдалану күйін бақылайды.

- A. Сыртқы температура сенсоры
- B. Сыртқы ылғалдылық сенсоры
- C. Ішкі температура сенсорлары


Күтім көрсету

Күтіп ұстау

Сөрелер (тоңазытқыш/мұздатқыш)




- Сөрелі алу үшін тиісті есікті шегіне дейін ашыңыз. Сөрелің алдыңғы жағын ұстап тұрып, баппен көтеріп сырғытып шығарыңыз.
- Есік шегіне дейін ашылмаса, сөрелі алға қарай жартылай сырғытып шығарып, аударып алыңыз.



⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Сөрелі дұрыс салу керек. Төмен қаратып салмаңыз.
- Шыны сауыттар шыны сөрелердің бетін сызып кетуі мүмкін.

Науа-сөрелі жылжыту (тоңазытқыш/мұздатқыш)




- Сөрелі алу үшін сөрелің астыңғы жағын ұстап тұрып, баппен көтеріңіз де, тартыңыз.

📄 ЕСКЕРТПЕ

